

Алматы облысы, Ұйғыр ауданының білім бөлімінің  
«Сүмбе орта мектебі мектепке дейінгі  
шағын орталығымен» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

Ғылыми жобаның тақырыбы:  
**«Қазақ афоризмдерінің  
философиялық-тәрбиелік  
мәні»**

9 - сынып оқушысы  
Муталип Аяжан

## Тақырыптың өзектілігі

- Қазақ афористикасының ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениетінен бастау ала отырып, олардың орта ғасырлардағы және ХІХ-ХХ ғасырлардағы ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан көрініс табуы көркемдік-эстетикалық, философиялық, педагогикалық тағылымы жағынан ұлттық құндылығымыз болып табылады.
- Қазақ халқының нақыл сөздерін күнделікті өмірде қолдану арқылы жастарды көркем сөйлеуге тәрбиелеу.

## Мақсаты мен міндеттері

- **Ғылыми жоба жұмысының мақсаты** – қазақ афоризмдерінің ежелгі заманнан бастап қазіргі заманға дейінгі ұласқан көркемдік ерекшелігін, тарихи-поэтикалық мазмұнын қарастыру арқылы тәрбиелік мәнін ашып көрсету болып табылады.
- **Міндеттері:**
  - Көркем сөз үлгілерін өз шығармаларында қолданған қазақ әдебиеті өкілдерінің афоризмдерін жинақтау, олардың тақырыптық ерекшеліктеріне тоқталу;
  - Қазақ афоризмдерін жинақтау арқылы олардың тәрбиелік-мағыналық ерекшеліктерін ашып көрсету.

## Зерттеу нысаны

Қазақ сөз өнеріндегі афоризмдер арқылы - ұлттық және жалпы әлемдік әдебиеттегі ойшылдардың ұрпақтарды тәрбиелеу бағытындағы көркем сөз үлгілерін жинақтау.



## **Ғылыми жоба жұмысының жаңашылдығы**

**Мемлекеттік «Мәдени мұра»  
бағдарламасын жүзеге асыруда қазақ  
афоризмдерінің тәрбиелік мәнін  
жастарға насихаттау арқылы  
олардың көркем сөйлеуін, кестелі  
оралымдарды күнделікті өмірде  
қолдана алуын және шығармашылық  
ойлау қабілеттерін арттыру басты  
нысанымыз болып табылады.**

## «Ежелгі сақ, ғұн дәуіріндегі афоризмдер»



«Сұм ажал бүгін жылатып, құрығын салып құлатып»,  
«Өмірдің күні зырлайды, адамның күшін ұрлайды,  
ғұмыр да мәңгі тұрмайды».

«Тәңірім торын құрғанда, тұтылмай адам тұрған ба?» .  
«Ажалмен Тәңірім сынаған, тұра алар қарсы кім оған,  
күздар да одан құлаған».


Осы алынған афоризмдердің негізгі тақырыптық-тәрбиелік мәні – өмір үздіксіз қозғалыста, өмір бар жерде өлім бар деген қағиданы естен шығармауды ұсынады. Тәрбиелік мәніне келер болсақ, бес күндік өмірде бір-бірімізбен сыйласып өтуге, қадір-қасиетімізді жоғалтпай тіршіліктің, жақын адамдарымыздың қадірін білуге, өмірдің өзі пендеге сынақ ретінде берілгендігін жете түсінуге тәрбиелейді.

## **«Орхон-Енисей жазбаларындағы афоризмдер»**

**«Ечүміз, апамыз тұтмыс йер-суб ідісіз  
болмазун тйін, аз будуңығ ітіп, жаратып..»**

**«Ата-бабамыз ұстаған жер-су иесіз қалмасын деп,  
аздарды халық етіп құрап...»** деген нақыл сөздерден  
туған жерді қорғау, оған құрметпен қарай отырып, ата-  
бабамыздың қалдырған жерін, мұрасын иесіз  
қалдырмай ұрпаққа мирас етуге тәрбиеленеміз.

**«Тағдырды тәңір жасар»,** -деген Күлтегін  
ескерткішіндегі афоризм де адам тағдырының тәңірден  
екенін сезініп, ислам дінін жоққа шығармауға  
тәрбиелейді.



## «Қазақ хандығы дәуіріндегі афоризмдер»

### Қорқыт атаның нақыл сөздері:

- Кеудесіндегі ақ сүтін бөбегіне емізіп тойғызған асыл аналарға – құрмет!
- Бүкіл ғаламды жаратқан, теңдесі жоқ Аллаға – құрмет!
- Мұнараға шығып азан оқығандарға – құрмет!

Берілген Қорқыт атамның нақыл сөздерінің тәрбиелік мәніне тоқталатын болсам, ислам дінін дәріптеу, шариғат тұрғысынан адам баласына парыз етілген міндеттерді толық орындауға және оны орындаған жандарға құрмет көрсетуді парыз ретінде көрсетеді.

**«Қызы анадан үйренбей, өнеге алмай, ұлы атадан үйренбей сапар шекпес».** деген нақыл сөзінің де тәрбиелік маңызы ерекше. Себебі, қазақ халқы қыз баланы қонақ, өрісін ұзартатын жан ретінде бағалап, оң босағасынан орын беріп тәрбиелеген. Сондықтан да кішкентай кезінен бастап, анасы отбасылық өмірге тәрбиелеген.





**Асан Қайғының** нақыл сөздерінде ғибрат, өнеге аларлық парасатты ой түйіндері мол. Ол өз тұсындағыларға да, келер ұрпаққа да адамгершілікті уағыздаған.



**«Ашу дұшпан артынан  
Түсіп кетсең қайтесің,  
Түбі терең құдыққа»**, - деп адамды теріс мінездерден аулақ болуға шақырады.

**«Ердің құны болса да, қол қусырып барған соң, аса кеш  
те қоя бер, бұрынғыны қуыспа»**, – деп, қайырымдылық, ерлік істерді жасауға жетектейді.

**Қаз дауысты Қазыбек** бидің жастарға айтқан  
нақыл сөздері ел аузында қалған:

Тәрбиелі бала жасынан,  
Талаптыға ой табылар.  
Талпынбаса басынан,  
Толығар кейін зарығар.

Ақылдыны сыйласаң,  
Одан алғыс аларсың.  
Ақылсызды сыйласаң

Одан қарғыс табарсың,- деген. Осылайша бала бойындағы  
жіберген қателіктерді атап көрсетіп, әрбір қанатты сөздердің  
мағынасын мән бере отырып, жаман мен жақсының ара-жігін  
айыра білуге бағытталады.



# **XIX-XX ғасырлардағы афоризмдер «Дәстүрлі ақындар шығармашылығындағы афоризмдер»**



Абай афоризмдеріндегі адамгершілік-имандылық ұстанымы аясындағы мінез-құлықты түзеу, оқу, білім, ғылым игеру, еңбек ету, халыққа адал қызмет жасау секілді саналуан мәселелер қамтылған. Абай Құнанбайұлының өлең жолдары мен қара сөздері афоризмге айналғандығы оның ұлылығында деп білемін.

- 1. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты - ақыл...**
- 2. Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.**
- 3. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.**

Жамбыл Жабаев поэзиясындағы афоризмдік мәні айқын тармақтар, шумақтар халық даналығын дәлелдейді:

Елдің серті – ердің серті».

«Серт адамды байлайды,

Ер жігіт серттен таймайды», - деп адамгершілік қасиеттің бірі-уәдеге берік болуға, берген сертті бұзбауға тәрбиелейді.

Жаманға ұйқы – жолдас, тамыр – тамақ,

Болмайды көңілінде басқа талап.

Күн кешірмек болады өз ойынша,

Әйтеуір қызыл тілмен алдап-арбап».



Бұл өлең жолдарындағы афоризмдер- адам бойындағы жалқаулықтан, еріншектіктен аулақ болуға шақырады.

**Ахмет Байтұрсынов афоризмдері**  
Афоризмдер халықтық, отаншылдық  
рухқа тәрбиелейді:

«Балам деген жұрт болмаса,  
Жұртым дейтін бала қайдан шықсын».


**Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл,  
құлша тәрбиелесең, құл болмақшы.**

Білімі көп адам – құралы сай ұста секілді, не істесе де  
келістіріп істейді.



# «Прозалық үлгідегі афоризмдер» Ғабиден Мұстафин афоризмдері

- Ұлттық тіліміз туралы нақыл сөздеріне тоқталатын болсам:
- «Өнер алды – қызыл тіл».
- «Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой».
- «Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті».
- «Күн шалмас қараңғы көңілді сөз шалады,
- Күн жылытпас сұм жүректі сөз жылыта алады».



# ҚОРЫТЫНДЫ

Егеменді елдің ұрпағын тәрбиелеуде қазақ афоризмдерінің маңызы жоғары. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы бойынша әзірленген «**Мәдени мұра**» мемлекеттік бағдарламасы тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеуді қажет етеді. Осы орайда, ұлттық құндылығымыз болып табылатын төл шығармаларымыздағы нақыл сөздерді күнделікті өмірдегі тілдік қолданысымызға енгізе отырып, жастарымызды тәрбиелеуде ұтымды қолдансақ жақсы болар еді.

